

## 1-БЛОК: Дефектология

### *Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар*

1. ПМПК-ғы психологиялық зерттеудің артықшылығы
  - A) Қорытынды әңгіме
  - B) Әңгімелесу
  - C) Психофизиологиялық зерттеу
  - D) Жаппай бақылау
  - E) Эксперименталды зерттеу
  
2. ПМПК -ң басты міндетіне кірмейді
  - A) Диагноз қою және оны толықтыру
  - B) Ерекше білімді қажет ететін балаларға көмектегі нұсқаулықтарды өңдеу
  - C) Дамуында бұзылыстары бар балаларды емдеу
  - D) Ата-анаға кеңес беру
  - E) Профилактикалық емдеу кабинетіне жолдама беру
  
3. Консилиумның түрлері
  - A) Продуктивті, дедуктивті, иллюстративті
  - B) Үстірт, терең, жеке, топтық
  - C) Алғашқы, жедел, жоспарлы
  - D) Ұйымдастырушы, эмпирикалық, статистикалық
  - E) Жекелей – топтық, түсіндіру – иллюстративті
  
4. Мектеп жасына дейінгі балалардың зейінін диагностикалау әдістемесі
  - A) Коос кубиктері
  - B) Социметрия
  - C) Референтометрия
  - D) Айзенк тесті
  - E) Лондольт сақиналары
  
5. Ерте жастағы балаларда ойлаудың негізгі түрі болып табылатын
  - A) Сөздік-логикалық
  - B) Заттық-әрекеттік
  - C) Сызбалық
  - D) Экспрессивті мимикалық
  - E) Көрнекі -бейнелік

6. Ерте түзету көмек көрсетудің негізі
- A) Ата-аналарымен бірлескен шаралар өткізу
  - B) Ерте жастағы балардың даму бұзылыстарын тіркеу
  - C) Мектепке дейінгі ұйымдарға бағыттау
  - D) Ерте жастағы балалардың психофизиологиялық және психикалық дамуын жан-жақты зерттеу
  - E) Ерте жастағы балардың сауатын ашу
7. Баланың мектепке жалпы психологиялық даярлығын анықтайтын әдістемелер
- A) Тәрбиелеуші жағдайлар
  - B) Мектеп жайында әңгімелесу
  - C) Дәрісбаян, әңгіме
  - D) Арттерапия
  - E) Жаттығу, үйрету
8. Баланың білім алуға дайын екенін төменгі факторлар айқындайды:
- A) Баланың эмоционалды, әлеуметтік және зерделік әлеуеті
  - B) Балалық шақтың жекелеген кезеңдеріне тән сапалық өзгешеліктер мен тұрақты құндылықтарының қалыптасуы
  - C) Ата-аналарға өз балаларымен ынтымақтастық қарым-қатынас орнатуы
  - D) Біріккен іс-әрекетінің дәрежесі мен құрылымы
  - E) Денелік және психологиялық дамуы, қоршаған орта туралы жинақталған түсініктерінің қалыптасуы
9. Баланың мектепке даярлығы келесі факторлерге тәуелді
- A) Көркем сурет әрекетіне, түзетуге арналған құралдарға
  - B) Мектепке дейінгі мекемелердің жұмысына, отбасы жағдайына, ата-ананың балаға деген қатынасына
  - C) Құқықтың заңнамалық актілерге
  - D) Физикалық жетілуге, инфекцияларға төзімділігіне
  - E) Оқу әдебиетінің түрлеріне
10. Психодиагностикалық тесттің негізгі көрсеткіштері
- A) Сапалы баға
  - B) Бірізділік
  - C) Валидтілік және сенімділік
  - D) Нақты өлшем
  - E) Орнықтылық

11. Логопедиялық тексеру түрлері
- A) Үстірт, терен, жеке, топпен
  - B) Жүйелі, кешенді, динамикалық, онтогенетикалық
  - C) Продуктивті, дедуктивті, иллюстративті
  - D) Логикалық, түсіндіру, жаттықтыру, ойын әрекеті
  - E) Эмпирикалық, статистикалық, интерпритациялық
12. Логопедиялық тексеру әдістері
- A) Продуктивті, дедуктивті, иллюстративті
  - B) Ұйымдастыру, эмпирикалық, статистикалық, интерпритациялық
  - C) Жүйелі, кешенді, динамикалық, онтогенетикалық
  - D) Репродуктивті, жекелей – ізденіс, түсіндіру – иллюстративті
  - E) Логикалық, түсіндіру, жаттықтыру, ойын әрекеті
13. С.В.Ковалеваның (1979) ПДТ балаларды топтастыруы
- A) Дизартрия, децентрация, дефицитарлық даму
  - B) Астениялық
  - C) Самогендік
  - D) Дизонтогенетикалық, сенсорлық депривация, энцефалопатиялық
  - E) Психотравмалық
14. Интеллектуалды тесттердің бірі
- A) Шульте әдістемесі
  - B) Мюнстернберг тесті
  - C) Кеттл тесті
  - D) Готшальд тесті
  - E) Айзенк тесті
15. 7-10 жас аралығындағы еститін және естімейтін балаларды салыстырғандағы тез қарқынды дамиды деп ойлау түрі
- A) Көлемді, тұрақты, ауыспалы ойлау
  - B) Салыстырмалы ойлау
  - C) Көрнекі-бейнелік ойлау
  - D) Сөздік-логикалық ойлау
  - E) Көрнекі-әрекеттік ойлау

16. Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияның мақсаты
- A) Барлық мемлекеттер мен барлық ұлттар арасында балалар денсаулығын нығайту, тууға дейінгі медициналық көмекті қамтамасыз ету және нәрестелер мен балалардың өлімін азайту
  - B) Барша мүгедектердің барлық адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын толық және тең дәрежеде іске асыруын көтермелеуде, қорғауда және қамтамасыз етуде, оларға құрметті ұлғайту
  - C) Әйел адамдардың рөлін нығайту мен оларға тең құқықтарды беру, барлық мүмкін құралдармен аналардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету
  - D) Бірлесе отырып, біздің мемлекеттегі, балалар өмірін қорғау мен жеңілдету олардың адамгершілік әлеуетінің жан-жақты дамуына қолдау жасау
  - E) Экономикалық өсу мен дамуды жандандыру, балалардың тамақтануы мен денсаулығын жақсарту
17. Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ерекше күтімге, білім алуы мен дайындығына, әлеуметтік ортада, қоғамда толық құқылы өмір сүруіне, тәуелсіздігі мен әлеуметтік ортаға қосуды қамтамасыздандыру туралы айтылған құқықтық құжат
- A) ҚР «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңы
  - B) «Адам құқықтары жайлы Жалпы Декларация»
  - C) ҚР «Білім туралы» Заңы
  - D) ҚР «Бала құқықтары туралы» Заңы
  - E) «Бала құқықтары туралы Конвенция»
18. Инклюзивті білім мен жалпыға білім беру саясаты жарияланған халықаралық құжат
- A) Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім беру стандарты
  - B) Мүгедектер құқығы жайлы Декларация
  - C) Адам Құқығы жайлы Декларация
  - D) Бала құқығы жайлы Конвенция
  - E) Саламанкада қабылданған Декларация
19. Инклюзивті білім беру жүйесінің көрсеткіштері
- A) Медициналық көмектің ерекше көрсетілуі
  - B) Арнайы білім беру мекемелерінен бірдей білім алуы
  - C) Жалпыға бірдей білім беру мекемелерінде балалардың тең дәрежеде білім алуы
  - D) Белгілі бір өмір сүріп жатқан ортада шектеліп қалуы
  - E) Балалардың махаббатқа қажеттілігі

20. Арнайы білім беру ұйымдарының қосымша түрлері
- A) Жалпы білім беретін мектеп, бала-бақша
  - B) Оңалту орталықтары, мектеп жанындағы логопедтік пунктер, психологиялық –педагогикалық түзеу кабинеттері
  - C) Коммуналдық мемлекеттік мекемелер
  - D) Дамыту орталықтары, кеңес беру орталықтары
  - E) Лагерь, сауықтыру орталықтары
21. Арнайы білім беру жүйесіндегі педагог шеберлігі - бұл
- A) Баланың барлық іс - әрекеттеріне көз жұма қараушылық
  - B) Өзінің барлық іс - әрекетінде балаға барынша көмек көрсету
  - C) Баланың қызығушылығын бірінші орынға қою
  - D) Балаға барынша көңіл бөлу
  - E) Қазіргі заманауи құралдармен психологиялық – педагогикалық ықпал ете арудың жоғары дәрежесі
22. Арнайы педагогика және арнайы психология үшін негіз болған Л.С. Выготский ұсынған қорытынды
- A) Бұзылыстың қызметтік ауқымын зерттеу принципі
  - B) Баланы динамикалық зерттеу қажеттілігі
  - C) Баланы кешенді зерттеу қажеттілігі
  - D) Қалыпты балалардың дамуында кездесетін негізгі заңдылық аномальды балалардың психикалық дамуының негізгі заңдылығына бағынады
  - E) Баланы толықтай, жүйелі зерттеу қажеттілігі
23. Л.С. Выготский ұсынған ерекше оқытуды қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеудің тиімді әдістер мен тәсілдерін әзірлеуге мүмкіндік беретін теориясы
- A) Кемістік және орнын басу (толықтыру) туралы
  - B) Қалыпты және кемтар баланың дамуындағы негізгі заңдылықтар туралы
  - C) Қоғамның тарихи дамуы туралы
  - D) Жоғарғы жүйке жүйесінің әрекеті туралы
  - E) Білім беру мен оқытудың ғылымы туралы
24. Инклюзивті білім беруді дамыту қағидаттарының негіздеріне жатпайды
- A) Кешенді медициналық, әлеуметтік және білім беру қызметінің үйлесімділігі
  - B) Ерекше оқытуды қажет ететін балаларды уақытылы қамтамасыздандыру
  - C) Білім беру модельдерінің бейімділігі
  - D) Вариативтілік
  - E) Инклюзивті білім берудің жүйелілігі мен үздіксіздігі

25. Оқытуды ұйымдастырудың негізгі формалары
- A) Оқытудың сыныптық сабақ беру жүйесі
  - B) Бөлшектеп оқыту
  - C) Сыныптан тыс сабақ беру жүйесі
  - D) Жекеше және топтық оқыту
  - E) Лекция – семинарлық жүйе
26. Арнайы мектепте жиі қолданылатын практикалық оқыту әдісі
- A) Жаттығу
  - B) Салыстыру
  - C) Гностикалық әдіс
  - D) Иллюстрация
  - E) Репродуктивті әдістер
27. Оқушының оқыту – танымдық іс - әрекетінің сипатына байланысты М.Н.Скаткин мен И.Я.Лернердің әдістері
- A) Ұйымдастырушы, эмпирикалық, статистикалық
  - B) Продуктивті, дедуктивті, иллюстративті
  - C) Репродуктивті, жекелей – ізденіс, түсіндіру – иллюстративті
  - D) Логикалық, түсіндіру, жаттықтыру, ойын әрекеті
  - E) Үстірт, терең, жеке, топтық
28. Арнайы білім беру шарттары
- A) Мұғалімнің баламен қарым-қатынас орнату
  - B) Мұғалім мен ата-ана арасындағы байланыс орнату
  - C) Арнайы педагогиканың дамуына ықпал ететін жаңа педагогикалық технологияларды дайындау
  - D) Тәртібі қиын және тұйық балаларға арналған әдістер қолдану
  - E) Білім алушылардың мектеп алдындағы міндеттер жүйесін құру
29. Болашақта арнайы білім беру жүйесін дамыту үшін орындалуы тиіс міндеттер
- A) Инклюзивтік білім беруді жүзеге асыру
  - B) Тегін оқулықтармен қамту
  - C) Арнайы мекемелердің санның артуы
  - D) Қайырымдылық шаралар ұйымдастыру
  - E) Материалдық көмек көрсету

30. Зияты зақымдалған балаларға арналған арнайы (түзету) мектепте оқытудың негізгі бағыты
- A) Зияты зақымдалған балаларға пәндерді тереңдетіп оқытады
  - B) Зияты зақымдалған балаларды әлеуметтік бейімдеу мен мамандандырылған еңбекке даярлау
  - C) Зияты зақымдалған балаларды әлеуметтендіру
  - D) Зияты зақымдалған балаларды жаппай үйден оқыту
  - E) Зияты зақымдалған балалар білімнің үш сатысын меңгереді
31. Естімейтін балаларға арналған мектепте кәсіби еңбекке оқыту кезеңдері
- A) Әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау; әлеуметтік бейімделу
  - B) Заттық-тәжірибелік оқыту; жалпы еңбекке дайындық; профильді және кәсіби дайындық;
  - C) Кәсіби бейімделу адаптация; еңбек және моторлы диагностика;
  - D) Еңбекке оқыту; көркем еңбек;
  - E) Әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау; әлеуметтену
32. Еңбек сабақтарындағы оқушылардың тәжірбиелік іс - әрекеті
- A) Өнімнің заттық бейнесін меңгеруге байланысты
  - B) Эмоционалды – ерік сферасына қатысты
  - C) Оқушының өзіндік қабілетіне қатысты
  - D) Дайындығына тәуелді
  - E) Оқушының ынта – жігеріне тәуелді
33. Психикасының дамуы тежелген (ПДТ) оқушыларға арналған арнайы мектепте «Әлеуметтік тұрмысқа бағдарлау» сабағының ерекшелігі
- A) Сабақ барысында тірек-қимыл аппараты және сөйлеу, есту, көру бұзылыстары бар балаларды оқыту үдерісіндегі қиындықтарын, оңтайлы психологиялық-эмоциялық күйге келтіруін дамытуын, ұсақ моторикасын және танымдық іс-әрекетін белсендіруі іске асырылады
  - B) Жеке тәсілдерді қолдану және жеңілдетілген тапсырмалар беру арқылы тірек-қимыл аппараты, ПДТ және зиятында бұзылысы бар оқушылардың сенсорикасы (сезімталдығындағы) мен ұсақ моторикасындағы, танымдық әрекетіндегі бұзылыстар жойылады
  - C) Электроакустикалық аппаратураны қолданып, естіп қабылдауын интенсивті дамыту жағдайында сөйлеу тілі мен қимылдарын дамыту
  - D) Сабақ барысында оқу бағдарламаны меңгеруде қиналатын оқушылар үшін жалпы дамытушылық және пәнге бағыттаушы жеке және топтық түзету сабақтары ұйымдастырылады
  - E) Балалардың денсаулығын нығайту мен дене дамуына арналған арнайы жаттығулар ұйымдастыру

34. Психикасының дамуы тежелген (ПДТ) оқушыларға арналған арнайы мектепте «Әлеуметтік тұрмысқа бағдарлау» сабағының мақсаты
- A) Арнайы ұйымдастырылған сабақтарда жаңа білім, икем, дағдыларды қалыптастыру
  - B) Өмірлік компетенция дағдыларын қалыптастыруды, қоғамда және тұрмыста дербес өмір сүре білуіне тәжірибелік дайындығын қамтамасыз ету
  - C) Арнайы мектеп оқушыларының дамуындағы кемістікті түзету
  - D) Оқушылардың іс-әрекетіндегі қарым-қатынас, мінез-құлқында жағымды тәжірибе қалыптастыру
  - E) Арнайы мектепте еңбек, тұрмыс пен әлеуметтік қарым-қатынастарды эстетикалық тұрғыдан ұйымдастыру
35. Зияты зақымдалған балаларға арналған арнайы (түзету) мектебінде «Шаруашылық еңбек» сабағынан апталық сағат көлемі (орташа ақыл-ой кемістігі) (7-8 сыныптар)
- A) 7- сыныпта -1 сағат, 8-сыныпта 1 сағат
  - B) 7- сыныпта -6 сағат, 8-сыныпта 8 - сағат
  - C) 7- сыныпта -4 сағат, 8-сыныпта 5 - сағат
  - D) 7- сыныпта -3 сағат, 8-сыныпта 4 - сағат
  - E) 7- сыныпта -2 сағат, 8-сыныпта 3 - сағат
36. Ата-аналар арасындағы тұлғаны тәрбиелеудегі кең тараған әдістер
- A) Әр-түрлі жазалар қолдану әдісі
  - B) Жылы сөзбен көндіру, қорқыту әдісі
  - C) Альтернативті ойындар үйрету
  - D) Интервью, сауалнама әдістері
  - E) Сараптау, талдау әдістері
37. Тәрбие әдістерінің екінші тобы – жеке адам санасын қалыптастыру әдістері
- A) Мадақтау мен жазалау
  - B) Талап, үйрету, жаттықтыру, арнайы тәрбиелік жағдаяттар
  - C) Өнер құралдарын пайдалану
  - D) Пайымдау, ой тоқтату
  - E) Ұғындыру, пайымдау, пікір айту, баға беру, сендіру
38. Қазіргі уақытта тәрбие жүйесінде ұстанатын принциптер
- A) Тынығу шараларын ұйымдастырып, талдау
  - B) Оқу жоспарын жүзеге асыру
  - C) Тәрбиенің өмірмен, еңбекпен қоғамдық құрылыс тәжірибесімен байланыстыру принципі
  - D) Тәрбиеленушілердің негізгі іс-әрекеттерін реттеу
  - E) Баланың білімін тексеру



39. Психикалық дамуы тежелген балалардың зейін ерекшеліктеріне жатпайды
- A) Концентрацияның төмендеуі
  - B) Зейіннің тұрақсыздығы
  - C) Қайта өндірілудің төмендігі
  - D) Зейін көлемінің төмендеуі
  - E) Зейін бөлінуінің төмендеуі
40. Зияты зақымдалған балалардың есте сақтау ерекшеліктеріне жатпайды
- A) Қысқа уақытты ес
  - B) Ерікті түрде есте сақтау (қалдыру)
  - C) Еріксіз есте қалдыру
  - D) Тұрақсыз есте сақтау
  - E) Есте сақтаудың аз көлемі
41. Көрмейтін және нашар көретін балаларда қабылдаудың сипаты
- A) Фрагментті
  - B) Көрнекілік
  - C) Айқын, нақты
  - D) Бейнелік
  - E) Жоғары деңгейлі топтау
42. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға тән қабылдаудың ерекшеліктері
- A) Қабылдауда өзгенің көмегіне жүгінуі
  - B) Оқу материалын толық қабылдап, түсінуі
  - C) Оқу іс-әрекетіне байланысты баланың бойында білік пен дағдылардың қалыптаспауы
  - D) Оқу материалдарын мүлдем қабылдамауы
  - E) Қабылдаудың баяулығы, бұрмалануы, аз көлемі, шартты кешеуілдеуі, шынайылықтан шеттелуі
43. Түйсік органдарының сырттан әсер еткен тітіркендіргіштерге бейімділігі
- A) Конвергенция
  - B) Галлюцинация
  - C) Адаптация
  - D) Реакция
  - E) Аккомодация
44. Есту қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушыларында қиялдың ерекшеліктерін зерттеген ресейлік ғалым
- A) М.М. Нудельман
  - B) А.В. Гоголева
  - C) П.Я. Гальперин
  - D) А.Н. Леонтьев
  - E) Т.В. Розанова

45. Баланың мектепке даярлығы барысында мотивациялық компоненттің пайда болу алғышарттары
- A) Тілдің грамматикасы мен лексикасын меңгеруі
  - B) Физикалық дайындық деңгейі
  - C) Баланың мектепте оқуға деген құштарлығың болуы
  - D) Контекстік қатынастың (тілдесім) болуы
  - E) Өзіне-өзі қызмет көрсету, дене бітімінің дұрыс қалыптасуы
46. ПДТ балалардың зейін ерекшеліктері
- A) Көрудегі құрылымдық бұзылыстары
  - B) Естудің құрылымдық бұзылыстары
  - C) Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы
  - D) Дене қозғалысын сезінбеуі
  - E) Зейіннің тұрақсыздығы
47. Зейінді сипаттайтын қасиеттер
- A) Көлемдік, тұрақтылық, бөлінгіштік, ауыспалық, таңдамалық
  - B) Таңдамалық, ауыспалық, көлемдік
  - C) Көлемдік, тұрақтылық, ауыспалық
  - D) Көлемдік, таңдамалық
  - E) Көлемдік, бөлінгіштік, таңдамалық, ауыспалық
48. Белсенді қиялдың түрлері
- A) Бірізді бейнелер
  - B) Сезгіштік
  - C) Қайта жаңғырту
  - D) Кинестезиялық
  - E) Вибрациялық
49. Индуктивті ой қорытындысы деп
- A) Жеке фактілердің негізінде қорытынды жасауды айтамыз
  - B) Қажеттілікті айтамыз
  - C) Дүниеге көзқарасты айтамыз
  - D) Жеке мағынаны білдіру
  - E) Күшті эмоциялық әрекет көрінісі

50. Қиял – бұл

А) Шынайылықты алдын-ала бейнелеуші сипатта болады. Оның көмегімен біз жақын, қашық, алыс болашағымыздың оқиға желісін болжай аламыз.

В) Сыртқы дүние заттары мен құбылыстардың жеке қасиеттерінің сезім мүшелеріне тікелей әсер етуінен пайда болған мидағы бейнелер

С) Сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының адам миында сақталып, қайтадан жаңғыртылып, танылып, ұмытылуын бейнелейтін процесс

Д) Қоршаған сыртқы дүниедегі заттар мен құбылыстардың бейнелерін жаңғыртып, оларды өңдеп бейнелеуден тұратын жоғарғы танымдық процесс.

Е) Бұл рецепторларға әсер ету нәтижесінде пайда болатын қоршаған ортадағы объективті заттардың қасиеттерінің көрінісі, бейнесі

*Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар*

51. Афазияны жоюдың қағидаларын және тәсілдерін зерттеуде үлесін қосқан ғалымдар:
- A) С.И.Кайданова
  - B) Т.Г.Визель
  - C) А.Р.Лурия
  - D) Л.С.Цветкова
  - E) Н.Н. Трауготт
  - F) М.К.Бурлакова
  - G) Э.С.Бейн
52. Есту бұзылыстары бар балаларда қиялдың спецификалық ерекшеліктері
- A) Берілген геометриялық пішіндерді, жекеленген элементтерді қабылдап, тануда ауқымды қиындықтарға кездеседі
  - B) Сөйлеу тілінің кеш қалыптасуы, әсіресе сөздің мағынасын түсінуде қиындықтар кездеседі
  - C) Сюжетті-рөлдік ойын барысында ойлауының артта қалуымен байланысты қиындықтар
  - D) Саналылық тәрізді қасиеттердің арқасында қабылдаудың қалыптасуы мүмкін екен
  - E) Зерттеулердің нәтижелері есту қабілеті зақымдалған балалардың көріп қабылдауы мен көріп түйсінуді қалыпты балалармен бір деңгейде болады
  - F) Сөйлеу тілінің ерте қалыптасуы
  - G) Суретті қабылдауда қиындықтар туады және суреттің мәнін, мағынасын түсінуде де қиналады
53. Арнайы педагогика мен арнайы білім берудің дамуына зор үлес қосқан ғалым
- A) Л.С.Леонтьев
  - B) Л.С. Выготский
  - C) Р.С. Немов
  - D) Ф.Энгельс
  - E) Д. Дидро
  - F) И. Кант
54. Педагогикалық үрдістің жалпы заңдылықтары
- A) Оқытудың нәтижелігі
  - B) Оқытудың жүйелілігі
  - C) Оқытудың тиімділігі
  - D) Оқытудың болжамдылығы
  - E) Оқытудың келісімділігі
  - F) Оқытудың мақсаты, мазмұны, әдістері

55. Дамуында бұзылыстары бар балаларды оқыту үшін қолданылатын әдістер түрі
- A) Жаттығулар мен сөйлемдер арқылы дамыту әдістемесі
  - B) Диалогтық әдіс
  - C) Сурет арқылы дамыту әдісі
  - D) Монологтық әдістемелер
  - E) Бақылау
  - F) Тәжірибелік, сөздік, көрнекілік
56. Оқытудың жүйелілік қағидасы
- A) Оқушылар арнайы мектептегі бірінші күнінен бастап хабарланған білімдегі жүйені бейнелей отырып бірізді және дәлелді ойлауға үйрету
  - B) Білім берудің мақсатын іске асыра отырып, әлеуметтік бейімделуіне арнайы жағдайлар жасауды қамтамасыз ету
  - C) Білім беру, түзету үрдісін ұйымдастырудың сипаты мен ерекшеліктерін анықтау
  - D) Қол жетерлік білімдер жүйесінің жалпы білім алу арқылы дамуға ықпал дәрежесін қамту
  - E) Оқытудың бірізділігі оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне негізделу
  - F) Мұғалім мен оқушылар іс - әрекеттерінің ішкі елеулі жақтарын бейнелейді, кез келген мазмұнда және ұйымдастырылу формаларында оқытудың тиімділігін анықтау
  - G) Оқу материалының оқушылардың дамуына пайдалы және қажеттілігін ажырата білу
57. Сезімталдықтың бұл түрі баланың өміріндегі күрделі сенсорлық бұзылудың қозғаушы күші болып табылады
- A) Экзогенді сезімталдығы
  - B) Аралас сезімталдық
  - C) Наталдық сезімталдық
  - D) Эндогенді сезімталдығы
  - E) Еріксіз сезімталдық
  - F) Дене сезімталдығы
58. И.М. Соловьев пікірі бойынша сөздік ес процесі дамуының екінші сатысына
- A) (1-2сынып) мәтінді толық түсіну және есте сақтау түрі тән
  - B) (10-11сынып) сөздерді есте сақтау түрі тән
  - C) (7-8сынып) мәтінді толық түсіну және есте сақтау түрі тән
  - D) (4-6сынып) жалпылама есте сақтау түрі тән
  - E) (9-10 сынып) жалпылама есте сақтау түрі тән
  - F) (1-3сынып) кең таралған сақтау түрі тән

59. Заттар мен құбылыстардың нақты бейнесін ойда қалдыруда, қайта жаңғыртуда көрініс табатын ес түрі
- A) Эмоциялық ес
  - B) Еріктік ес
  - C) Сөз-логикалық ес
  - D) Сөздік ес
  - E) Образдық ес
  - F) Қозғалыс немесе моторлық ес
60. Есту қабілеті зақымдалған балалардың сөздік-логикалық немесе ұғымдық ойлауының дамуында еститін құрдастарына қарағанда, айтарлықтай өзіндік ерекшеліктері байқалады, олар
- A) Сипаттауға сәйкес бейне қалыптастырумен шартталады
  - B) Есту қабілеті зақымдалған балалардың сақталған анализаторларын пайдаланумен сипатталады
  - C) Есту қабілеті зақымдалған баланың дамуы өз алдына индивидтің биологиялық, әлеуметті және психикалық жетілуімен сипатталады
  - D) Есту қабілеті зақымдалған балалар сөйлеу тілінің барлық бұзылған компоненттерінің түзетуді көздейтін логикалық көмекті қажет етеді
  - E) Сөздік-логикалық ойлау тілдік құралдар негізінде қалыптасып, қызмет атқаратын логикалық құрылымдар мен ұғымдарды пайдаланумен сипатталады
  - F) Көрнекі және ұғымдық ойлауы жоғары дәрежемен сипатталады

## *Мәнмәтіндік тапсырмалар*

### *1-мәнмәтін*

#### *Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма*

2002 жылы қабылданған мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық –педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы “ Заң төменгідей негізгі терминдер мен анықтамалар пайдаланады.

Скрининг – “қатер” тобындағы балаларды анықтау мақсатымен жаппай стандартталған тексеру.

Арнаулы білім беру – кемтар балаларға арнайы жағдайлар жасай отырып білім беру.

Мұнда оқыту мүмкіндігі қоршаған орта туралы қарапайым білім алумен, өзіне-өзі қызмет ету дағдысын менгеру мен, қарапайым еңбек дағдысын және кәсіби даярлықты менгерумен шектеледі.

Компенсация процестері мүмкіндіктер әлеуметтік еңбеке бейімделу жағдайын құру үшін және қалыпты дамыған тұлғалар ортасына кемтар балаларды біріктіру үшін қажет.

Сауықтыру -өзара тығыз байланысты бірнеше формалары бар, медициналық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік-экономикалық, кәсіби еңбек және тұрмыс шараларының кешенді жүйесінен тұрады. Олардың біреуінсіз толық сауықтыру мүмкін емес. Медициналық тұрғыдан алғанда мүгедектердің денсаулығын толық сауықтыру, белсенді өмірге араластыру. Психологиялық тұрғыдан қарағанда сауықтыру өзін-өзі бағалауды қалыптастырудың тұлғалық психокоррекциясы.

Педагогикалық тұрғыда сауықтыру-білім алуға қажетті білім іскерлік, дағдылы менгеруге бағытталған тәрбие шаралары.

Әлеуметтік –экономикалық сауықтыру – мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды тұрғын үймен, пенсиямен, кемістікке тәуелді қажетті арнайы техникалық құрал- жабдықтармен қамтамасыз ету.

Кәсіби еңбекпен сауықтыру- кәсіби еңбектің дәйекті түрін анықтап, оған оқыту, жұмысты жеңілдететін арнайы техникалық құралдарды пайдалануға үйрету, жұмыс орнына бейімдеу

Тұрмыстық сауықтыру- мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар үйінде және көшеде еркін жүру үшін арнайы протездермен қамтамасыз ету және ғимараттар мен нақты баспалдақтарын тірек-қимыл- қозғалысында ауытқуы бар тұлғалар үшін бейімдеу.

61. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды тұрғын үймен, пенсиямен, кемістікке тәуелді қажетті арнайы техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету-бұл
- A) Кәсіби еңбекпен сауықтыру
  - B) Тұрмыстық көмек
  - C) Педагогикалық көмек
  - D) Медициналық сауықтыру шаралары
  - E) Әлеуметтік көмек
62. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар үйінде және көшеде еркін жүру үшін арнайы протездермен қамтамасыз ету және ғимараттар мен нақты баспалдақтарын тірек-қимыл- қозғалысында ауытқуы бар тұлғалар үшін бейімдеу
- A) Педагогикалық көмек
  - B) Психологиялық көмек
  - C) Тұрмыстық сауықтыру
  - D) Кәсіби еңбекпен сауықтыру
  - E) Әлеуметтік –экономикалық көмек
63. Білім алуға қажетті іскерлік, дағдыны меңгеруге бағытталған шаралар:
- A) Медициналық көмек
  - B) Әлеуметтік көмек
  - C) Психологиялық көмек
  - D) Педагогикалық көмек
  - E) Психотерапиялық көмек
64. «Қатер» тобындағы балаларды анықтау мақсатымен жаппай стандартталған тексеру
- A) Бақылау
  - B) Диагностика
  - C) Эксперимент
  - D) Скрининг
  - E) Аудирование
65. Өзара тығыз байланысты бірнеше формалары бар, медициналық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік-экономикалық, кәсіби еңбек және тұрмыс шараларының кешенді жүйесі
- A) Әлеуметтік жұмыс
  - B) Әлеуметтік бейімделу
  - C) Әлеуметтік көмек
  - D) Сауықтыру
  - E) Арнаулы білім беру



## *Мәнмәтіндік тапсырмалар*

### *2-мәнмәтін*

#### *Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма*

2002 жылы қабылданған «Мүмкіндігі шектеулі» балаларды әлеуметтік және медициналық –педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы “ Заң төменгідей негізгі терминдермен анықтамалықтар пайдаланады.

Күрделі кемістік - дене және психикалық кемістігінің кез-келген ұштасуы

Ауыр кемістік –мемлекеттік (оның ішінде арнаулы) білім беру стандарттарына сәйкес білім беру қолжетімді болмайтын және оқыту мүмкіндіктері өзіне-өзі қызмет корсету дағдыларын, қоршаған дүние туралы қарапайым білімдерді және қарапайым еңбек дағдыларын немесе аясы тар кәсіби даярлықты меңгерумен шектелетін дәрежедегі психикалық және (немесе) дене кемістігі.

Ерте қолға алу (ерте қолдау) –психикалық –дене бұзылыстары скринингін, медициналық психологиялық-педагогикалық диагностиканы, емдеуді , дамыта оқытуды қамтитын, сәби жастағы (үш жасқа дейінгі) балаларды әлеуметтік және медициналық –педагогикалық түзеу арқылы қолдау.

Әлеуметтік бейімдеу –нысаналы әлеуметтік және медициналық – педагогикалық қолдау арқылы қолдау процесінде кемтар балалардың қоғамда қабылданған құндылықтарды, мінез-құлық ережелері мен нормаларын игеруі мен қабылдауы және еңбекке даярлануы жолымен әлеуметтік орта жағдайларына белсенді түрде икемделуі.

Әлеуметтік жұмыс – жекеленген адамдарға, отбасыларына олардың толық мәнді әлеуметтік жұмыс істеуіне кедергі келтіретін бұзылған немесе жойылған функцияларының орнын толтыра отырып, әлеуметтік құқықтары мен кепілдіктерін іске асыруда көмек көрсету жөніндегі қызмет.

66. Жекеленген адамдарға, отбасыларына олардың толық мәнді әлеуметтік жұмыс істеуіне кедергі келтіретін бұзылған немесе жойылған функцияларының орнын толтыра отырып әлеуметтік құқықтары мен кепілдіктерін іске асыруда көмек көрсету жөніндегі қызмет

- A) Әлеуметтік бейімдеу
- B) Ерте қолға алу (ерте қолдау)
- C) Реабилитация
- D) Әлеуметтік жұмыс
- E) Абилитация

67. Нысаналы әлеуметтік және медициналық –педагогикалық қолдау арқылы қолдау процесінде мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамда қабылданған құндылықтарды, мінез-құлық ережелері мен нормаларын игеруі мен қабылдауы және еңбекке даярлануы жолымен әлеуметтік орта жағдайларына белсенді түрде икемделуі
- A) Әлеуметтік бейімдеу
  - B) Әлеуметтік жұмыс
  - C) Ерте қолға алу (ерте қолдау)
  - D) Реабилитация
  - E) Абилитация
68. Мемлекеттік (оның ішінде арнаулы) білім беру стандарттарына сәйкес білім беру қолжетімді болмайтын және оқыту мүмкіндіктері өзіне-өзі қызмет корсету дағдыларын, қоршаған дүние туралы қарапайым білімдерді және қарапайым еңбек дағдыларын немесе аясы тар кәсіби даярлықты меңгерумен шектелетін дәрежедегі психикалық және (немесе) дене кемістігі
- A) Кемістіктің ерекше формасы
  - B) Ауыр кемістік
  - C) Әлеуметтік кемістік
  - D) Күрделі кемістік
  - E) Акселерация
69. Дене және психикалық кемістігінің кез-келген ұштасуы- бұл
- A) Әлеуметтік кемістік
  - B) Күрделі кемістік
  - C) Ауыр кемістік
  - D) Кемістіктің ерекше формасы
  - E) Күрделі дефект
70. Психикалық –дене бұзылыстары скринингін, медициналық психологиялық-педагогикалық диагностиканы, емдеуді , дамыта оқытуды қамтитын , сәби жастағы (үш жасқа дейінгі) балаларды әлеуметтік және медициналық –педагогикалық түзеу арқылы қолдау
- A) Реабилитация
  - B) Ерте қолға алу (ерте қолдау)
  - C) Әлеуметтік жұмыс
  - D) Абилитация
  - E) Әлеуметтік бейімдеу

**1-БЛОК бойынша тест аяқталды.**